КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 19 наурыз іс №7119-25-00-2/2767 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К. Жетібаев,
сот отырысының хатшысы Е.Оспановтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
Жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атауымен әрекет етуші Ануар Серикович Джумадулаев,
Жеке кәсіпкер «WINNING COMPANY» атауымен әрекет етуші Айша Амировна Мусажанова

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**СИПАТТАУ БӨЛІМІ:**

2024 жылдың 29 қазанда «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атауымен әрекет етуші Ануар Серикович Джумадулаев (өнім беруші) арасында № 2402 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер 8 дана «төрт доңғалақты арба» жеткізу туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 758 400 теңгеге тауарды тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген. Атап айтқанда тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 11 желтоқсанға дейін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



2024 жылғы 25 қарашада тапсырыс беруші өнім берушіге техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу туралы өтінім жолдаған. Атап айтқанда тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 11 желтоқсанға дейін.

Алайда жауапкер тарапынан тауарлар көрсетілген мерзімде тиісті түрде жеткізілмеген.

Тараптар арасында аталған шарттар біржақты 2024 жылғы 27 желтоқсанда бұзылған.

2024 жылдың 29 тамызда «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «WINNING COMPANY» атауымен әрекет етуші Айша Амировна Мусажанова (өнім беруші) арасында № 2014 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер шартта көрсетілген тауарды жеткізу туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 5 174 260 теңгеге тауарды тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

2024 жылғы 28 қарашада тапсырыс беруші өнім берушіге техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу туралы өтінім жолдаған. Атап айтқанда тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 14 желтоқсанға дейін.

Алайда жауапкер тарапынан тауарлар көрсетілген мерзімде толық көлемде жеткізілмеген.

Тараптар арасында аталған шарттар біржақты 2024 жылғы 30 желтоқсанда бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және одан тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етті.

## УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 19.03.2025

Дата вступления в законную силу: 22.04.2025, судья Жетибаев Ж. К., 21.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Шарт талаптарын сай өнім берушілер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкер жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» шарт талаптарын орындамаған, атап айтқанда өнім берушілермен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін тауарлар жеткізілмеген, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылған. Жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді.

Тарап қоюшы мен жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» арасындағы шарт біржақты тәртіппен 2024 жылғы 27 желтоқсанда бұзылды.

Істің мұндай жағдайында, жауапкер жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

Ал жеке кәсіпкер «WINNING COMPANY» шарт талаптарын 95 пайызын орындаған, онда шарт сомасы 5 174 260 теңгені құрайды, оның 4 874 300 теңге көлемінде тауар тапсырыс берушіге жеткізілген және қабылданған.

Дегенмен де жауапкер жеке кәсіпкер «WINNING COMPANY» шарт талаптарын орындау мақсатында барлық шаралар қабылдаған, небәрі 5 пайызы орындалмаған, жауапкердің кінәсінен тауардың кішігірім бөлігі жеткізілмесе де, талап қоюшыға жағымсыз салдардың орын алғандығы туралы маңызды дәлелдемелер сотқа ұсынылмады.

Көрсетілген негіздерге сай, жауапкер жеке кәсіпкер «WINNING COMPANY» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандыруға жатпайды.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жеткізіп беруші тапсырыс берушіге әрбір бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық өтейді.

Талап қоюшының ұсынған есебіне сәйкес:

№2402 шарты бойынша тауарды жеткізу уақытының мерзімін өткізіп алу 12 күнді құрайды, 758 400 теңге х 0,1% х 12 күн = 9 101 теңге.

№2014 шарты бойынша тауарды жеткізу уақытының мерзімін өткізіп алу 9 күнді құрайды,299 960 теңге х 0,1% х 9 күн = 2 700 теңге.

Сондықтан, жауапкерлерден шарт талаптарын орындамағаны үшін талап қоюшының пайдасына көрсетілген мөлшерде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 19.03.2025

Дата вступления в законную силу: 22.04.2025, судья Жетибаев Ж. К., 21.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж 1846 теңге және 109-бабына сай 354 теңге талап қоюшының пайдасына сот шығыны жауапкерлерден өндіріліп алынады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атауымен әрекет етуші Ануар Серикович Джумадулаевқа, жеке кәсіпкер «WINNING COMPANY» атауымен әрекет етуші Айша Амировна Мусажановаға қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атауымен әрекет етуші Ануар Серикович Джумадулаев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атауымен әрекет етуші Ануар Серикович Джумадулаевтан талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 9 101 (тоғыз мың бір жүз бір) теңге тұрақсыздық айыбы және 273 (екі жүз жетпіс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «WINNING COMPANY» атауымен әрекет етуші Айша Амировна Мусажановадан талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 2 700 (екі мың жеті жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 81 (сексен бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «МЕРЕЙ» атауымен әрекет етуші Ануар Серикович Джумадулаевтан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «WINNING COMPANY» атауымен әрекет етуші Айша Амировна

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 19.03.2025

Дата вступления в законную силу: 22.04.2025, судья Жетибаев Ж. К., 21.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Мусажановаға қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

**Судья** **Ж.К.Жетібаев**

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 19.03.2025

Дата вступления в законную силу: 22.04.2025, судья Жетибаев Ж. К., 21.06.2025

7119-25-3-6/193